

1995 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету

Күшін жойған

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы N 1 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 10 ақпанда N 2-17-110 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы N 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімінің 14.12.2012 N 2 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағы 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" № 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын анықтау, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырушыларды алдын ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында Сарқан ауданының әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1995 жылғы туылған еркек жынысты азаматтарды Сарқан қаласы, Жамбыл көшесі, 96 мекен жайында орналасқан "Алматы облысы Сарқан ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қалалық, ауылдық, поселкелік округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде "Алматы облысы Сарқан ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақыру учаскесіне тіркелуге жататын

әскер жасына дейінгілердің тізімін берсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Қанатұлы Маманбаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Шарапиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Алматы облысы Сарқан ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі"

мекемесінің бастығы

Кұмарғалиев Руслан Шораұлы

23 қаңтар 2012 жыл